



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Jamestown Occasional Paper, August 2009.;

6. Kenneth Katzman, 'Afghanistan: Post-Taliban Governance, Security, and U.S. Policy', CRS Report for Congress (Washington, DC: Congressional Research Service, 20 April 2010); and Anthony Kuhn, China Becomes a Player in Afghanistan's Future, National Public Radio, <http://www.npr.org/templates/story/story.php?storyId=113967842>.

7. Evgeny Troitskiy, 'Kyrgyzstan Turmoil. A Challenge to Russian Foreign Policy', Swedish Institute for International Affairs, no. 8, (2012): 31.

8. "ОДКБ разворачивают лицом к НАТО", Коммерсант (6 сентября 2011 г.): стр. 6.

9. Stephen Aris, 'The Response of the Shanghai Cooperation Organisation to the Crisis in Kyrgyzstan', Civil Wars, vol. 14, no. 3 (2012): 451–476.

10. Erica Marat and Den Isa, 'Kyrgyzstan Relaxes Control Over Drug Trafficking', The Jamestown Foundation, Eurasian Daily Monitor vol. 7, no. 24 (4 February 2010), [http://www.jamestown.org/single/?no\\_cache=1&tx\\_ttnews%5Btt\\_news%5D=36013](http://www.jamestown.org/single/?no_cache=1&tx_ttnews%5Btt_news%5D=36013)

11. Anna Matveeva, 'The Regionalist Project in Central Asia: Unwilling Playmates', Crisis States Research Centre Working Paper no. 13, (2007); and Johannes Linn and Oksana Pidufala (2009).

ӘОЖ 327.3

## **ФРАНЦИЯНЫҢ ПРЕЗИДЕНТТІК ӨКІЛЕТІГІ; Ж. ШИРАКТАН Э. МАКРОНҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ**

**Ербуланов Дамир**

[Yerbulanov\\_1@gmail.com](mailto:Yerbulanov_1@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ аймақтану кафедрасының 4-курс студенті  
Ғылыми жетекшісі Г.Қ. Букешова

Франция Конституциясы «үкіметтің» түсінігін екі негізгі элементке бөледі: премьер-министрі және министрлер. Министрлер екі топқа бірігеді: президент жетекшілігіндегі - министрлер Кеңесі және премьер-министрінің басшылығымен - министрлер кабинеті. Және Франция үкімет басшысын, және барлық қалған министрлерді тікелей Франция президенті тағайындайды [1].

Енді Франция мемлекеті басшысының негізгі және өкілетті міндеттерін анықтайтын болсақ, олар екіге топқа бөлінеді: жеке және бөлісу. Олар министрліктен контрассигнацияны талап етпейді, өйткені оларды өз бетінше және өзі жеке орындауға президент қабілетті болуы керек. Бұл кезге мынадай кезеңдер жатады: Президент төреші және кепілгер ретінде қатысады.

Бұларға референдум тағайындау, ордонансқа қол қою, Кеңестің үш мүшесін сайлау т.б. жатады. Бұлардың барлығында президентке магистратураның Жоғарғы Кеңесі көмектесуге тиіс. Президент әртүрлі саяси органдар және институттармен өзара іс-қимыл жасайды. Францияның мемлекет басшысы мынадай органдармен ұдайы тығыз байланыста болуға міндетті: Парламент, сот органдары (төрелік сот, конституциялық, әлемдік), үкімет [2].

Негізінде президент парламентке премьер-министр сайлау және Министрлер Кеңесін шақыру т.б. жолдауларымен жүгінуі тиіс. Мемлекет басшысы дағдарысты болдырмау үшін барлық тиісті шешімдерді қабылдауға тиіс және мұнда төтенше өкілеттіліктерді қабылдау (бұл заң Конституцияның 16-бабын бекітеді) жатады. Әдетте президент осындай, атап айтқанда Францияның үкіметімен (оның құрамы толық болуы керек), парламент, Конституциялық Кеңес және басқа да органдармен кеңес өткізуге міндетті [3].

Франция президентінің «Бөлісу» президенттік өкілеттілігі оның «жеке» өкілеттілігіне қарағанда министрлік тарапынан контрассигнирования талап етеді. Бұл жерде мемлекет басшысының қандай міндеттерін бөліп көрсетуге болады? Кадр өкілеттілігі немесе

Франция үкіметінің қалыптасуы. Түсінікті болғандай, мәселе үкімет төрағалары мен министрлерді тағайындау болып отыр. Ордонанстар мен декреттерге қол қою. Сайланған кезектен тыс парламенттік сессия. Референдум тағайындау және оның өткізілуін қадағалау. Халықаралық қатынастар және қорғаныс туралы мәселелерді шешу. Заңдарды промульгациялау (жариялау). Кешірім жасау туралы шешім [4].

Жалпы, қазіргі таңда Франция ірі дамыған капиталистік елдерге жатады, ол дүние жүзіндегі 3-ші әскери держава, ал экономикалық және өндірістік көрсеткіштерінен халықаралық аренада IV, V орында тұр.

Франция экономикасы дамыған, демократиялық қоғамы толық қалыптасқан әлемдегі жетекші елдердің біріне 1960 - 90 жылдары ғана қол жеткізді. Енді Францияның өкімет билігіндегі президенттердің мәселесіне келетін болсақ, 1981 ж. Франция президенті болып бірінші рет социалист Франсуа Миттеран сайланды.

Францияда Республика Президенті жалпыхалықтық тікелей сайлау арқылы сайланады. Президент өкілеттілігінің мерзімі – 5 жыл, бір адам екі мерзімде президенттікке сайлануға құқылы.

1995 жылы француз президенті сайлауында Миттеранның өкілдігі бітті де Социалистік партия басшылығымен табан тірескен күрестің нәтижесінде 1981-1988 жылдары ФСП бірінші хатшысы болған Лионель Жоспен президенттік сайлаудың жеңісіне жетті.

Франсуа Миттеран Франция президенті лауазымын ең ұзақ мерзім, яғни 14 жыл атқарды. 1995 жылдан ел президенті болып сайлауда көп дауыс жинау арқылы Жак Ширак сайланды. Францияның жаңа президенті Жак Ширак Бұрынғы президент де Голль қайтыс болғаннан кейін саясатқа енген голлистердің соғыстан кейінгі ұрпағы болатын. Жак Ширак 1995-2007 жылдар аралығында Франция президенті болды (екі мерзім). Президент лауазымына дейін ол Париж қаласын басқарды (1977 жылдан бастап). 2007 жылғы 16 мамырдан бастап билік басына Николя Саркози келді.

Жак Рене Ширак – француз саясаткері, Францияның 1995-2007 жылдардағы президенті. Ол 1995 жылғы Франциядағы президент сайлауында 52,6 % дауыс жинап, екінші турдың қортыныдысында Жоспенді басып озып, жеңіске жеткен еді. Ал, Франциядағы 2002 жылғы 5 мамырда болған президенттік сайлаудың екінші турына өтпей – ақ Ж.Ширак 82,21 % дауыс жинап, Францияның президенті болып қайта сайланған ол, өзінің әйгілілігімен ғана емес, өзінің қарсыласы, солшылдар жағынан күтпеген жерден бірінші турда басым дауыс жинаған Жан-Мари Ле Пенді таң қалдыруы тиіс болды. Шынында да Ле Пеннің бұл жеңісінен шын мәнінде үрей туғандықтар көптеген сайлаушылар сол жақтағыларды өздеріне қоса отырып, Ширакқа көп дауыс беруге мәжбүр болды. Парламенттік сайлаудың қорытындысында оң жақтағылар президенттің реформа өткізуде нағыз нақты салмақпен жеңіске жетті [5].

Оларды жүзеге асыруға 2002-2005 жылдары Жан-Пьер Раффареннің жаңа үкіметі айналысты. 2002-2003 жылдары негізгі реформалардың арасында басқару реформасы, зейнетақы реформасы, заңды жұмсарту туралы 35-сағаттық жұмыс аптасы, қауіпсіздік саласындағы реформалар мен салықтарды төмендету болды.

2002 жылдың шілдесінде Франция Ішкі Істер министрі Николя Саркози Парламентшілерде қарсы реакция тудыратын, әрі солшылдар атаған «кедейлерге қарсы соғысқа» қарсы Қауіпсіздік туралы заңжобасын жариялады.

Әдетте Саркозидің бұл ұсынысына қоғамда қызығушылық танытты, әсіресе ІІДепартаментінің басшыларының әйгілілігін көрсетті. 2002 жылғы қазан айында премьер-министрі Раффарен Францияны орталықсыздандыру туралы заңының жобасын ұсынды, бірақ кейін бұл ұсыныс БАҚ – ң қарқынды сынына ұшырады. Бұл заң жобасында реформаның 4 негізгі бағыттары анықталған еді, олар:

- 1) Францияны орталықтандырылмаған ұйымдастыру;
- 2) әкімшілік-аумақтық құрылымдардың өкілеттіктерін кеңейту;
- 3) тікелей демократия принциптерін енгізу;
- 4) теңіз арғы жағындағы әкімшілік-аумақтық түзілімдердің мәртебесін өзгерту.

Сонымен Ж.Ширактың президенттік өкілеттілігін екі мерзімге бөліп қарастырамыз:

1 мерзім (1995-2002). 1995 жылы Париж мэрі президент сайлауына кандидатурасын қайта ұсынды. Ширактың өкілеттілігі тұсында президенттік мерзім 7 жылдан 5 жылға дейін қысқартылған еді. Сонымен, Ширак Елисей сарайында 12 жыл қызметте болды, бұл француз тарихындағы президенттік мерзімнің ұзақтығы жағынан 14 жыл басқарған Миттераннан кейінгі екінші орынды алады.

Ж.Ширактың кезінде Франция АҚШ–тан белгілі бір қашықтықта алыстатылды, және ашық демонстративтік түрде Тынық мұхиттағы Муруроа атоллсында ядролық сынақ өткізді [6].

Ішкі саясаттағы дәстүрлі оң либерализм (төмен салық ставкасы, бағалардың бақылауының болмауы) дирижизм дәстүрі есебінен анықталғандай (мемлекеттік араласу) және әлеуметтік саясатқа қосылды, ол «англосаксондық ультралиберализмді» бірнеше рет сынады. Сыншылар Ширакты айнымалылығы үшін, яғни экономикалық саясат және сайлау алдындағы уәделері орындалмағандығын айыптады. 1997-2002 жж. аралығындағы бесжылдық Ширактың жаңа саясаттағы президент есебінде Жоспен басқарған үкіметпен қатар өмір сүруі бойынша анықталды.

2 мерзім (2002-2007). 2002 жылы Ширак екінші президенттік мерзімге қайта сайланды. Бұл шешім Ұлттық фронттың көшбасшысы Жан-Мари Ле Пеннің екінші турға күтпеген жерден шығуының арқасында қабылданды, қорытындысында мейлінше төмен рейтинг алған және сайлаудың 1 турында бар- жоғы 20% дауыс жинаған Ширак, екінші турда 80% дауыс жинады. Екінші турдың алдында барлық солшыл партиялар (Арлетт Лагийе Жұмысшылар күресінен басқа) барлық өз тараптарын Ширакқа «фашист емес ұры үшін» және «мұрнында қыстырғышы барға дауыс бер» деген ұрандарымен дауыс беруге шақырды. Одан әрі рейтингте Ширакқа берген дауыс төмен нәтиже көрсетті және қолдау көрсету 35% - дан аспады.

Сайлау өткеннен екі айдан кезінде Елисей жолдарындағы шеруде 2002 жылғы 14 шілдеде Ширакқа қастандық жасалды. Қастандық жасаушылар қаруланған және көшеде өтіп бара жатқан адамдардан құралған топ еді.

2003 жылдың ақпанында Ұлттық жиналыс қауіпсіздік туралы қабылданған заңды қолдады және премьер-министр өз баяндамасында жергілікті басқару реформасының негізгі міндеттерін анықтап берді:

- 1) аймақтарға жергілікті деңгейде жоспарлауды;
- 2) департаменттерге - халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтарын қолдау бойынша бағдарлама және мемлекеттік емес құрылымдарды басқаруды,
- 3) коммунаға – жағдайды нақты және сол жерде шешуге өкілеттіліктерді беру.

2003 жылғы 17 наурызда Ұлттық жиналыс пен Сенат конституциясының бірінші бабына өзгеріс енгізе отырып, конституциялық заң қабылдады. Заңдағы өзгерістер ұзақ уақыт талқыға түсті. 2004 жылдың сәуірі мен мамыр айларында екі заң жобасы ұсынылды:

- 1) әкімшілік-аумақтық құрылымдардың өкілеттіктерін мемлекеттік аумақтық құрылымдарға беруге жауапкершілік туралы заң жобасы;
- 2) қаржы және әкімшілік ресурстарды және кейбір қаржы және әкімшілік ресурстарды әкімшілік-аумақтық құрылымдарға (салық салу) беру туралы жаңа жобасы.

2005 жылдың күзінде Францияда ірі тәртіпсіздік орын алды, яғни бұл жауапсыздықтың басты себебі – көшіп келген жанұядан шыққан, полициядан жасырынып жүрген екі жасөспірімнің подстанциядағы электр тогына соққыдан болған өлімі болатын.

Тәртіпсіздік Париж маңындағы қалалардан басталып, елдің басқа өңірлеріне тез тарады, полиция 3000-нан астам толқуларға белсенді қатысушыларды қамауға алды. Тәртіпсіздіктің басты себебі – көшіп келгендер арасындағы, жалпы француз қоғамындағы жұмыссыздықтың өсуі, осындай әлеуметтік мәселелерге байланысты халықтың арасындағы қолайсыздықтар себеп болды. 14 шілде күні Францияның Ницца қаласында жантүршігерлік оқиға есебінен лаңкестік орын алған еді. Бұл лаңкестік әрекеттен 85 адам көз жұмды, оның 11-і балалар, 120 адам жарақаттанды. Өкінішке қарай, еске алатны болсақ, қаза тапқандар

ішінде Қазақстанның 4 азаматы болған еді [7].

2006 жылы үкімет саясатына, жұмыс берушілердің жас қызметкерлерді жұмыстан шығаруы туралы заң пайда болғаннан кейін наразылық толқыны күшейе түсті. Ширақтың осы заң талаптарына билігі айтарлықтай төмендеді, соның салдарынан оның күшін жоюы мәжбүр болды.

Жетекші саяси партиялар француз қоғамдарының талаптарын басшылыққа ала отырып, Сеголен Руаяль (Социалистік партия) және Николя Саркозидің («Халықтық бірлік одағы») кандидатураларын ұсынды. Саркозидің жұмыссыздық үшін күрес, салықты азайту, мемлекеттік құрылымдардың жұмыстарын ұлғайту, қылмыстық заңнамалар туралы мәселелерге аса мән берді. Сондықтан Саркозидің кандидатурасы өтті.

2007 жылы Францияда тағы да ірі тәртіпсіздіктер орын алды. Бұл Францияның ХХІ ғасырдағы кездесіп отырған мәселелері – жұмыссыздық, ұлттық экономиканың құрылымдық мәселелері, атап айтқанда ЕО – тағы интеграциямен байланысты, ұлттық құндылықтардың, яғни жанұя, неке институты т.б. нашарлауы.

Николя Поль Стефан Саркози де Надь-Боска (Саркози) Францияның 23-і Президенті және Бесінші Республиканың 6-шы президенті болып отыр [8].

Конституцияға байланысты Франция Президенті – Конституцияның кепілі, көпшілікалдында өз арбитражымен қалыпты жұмыс істеуді қамтамасыз етеді. Ол ұлттық тәуелсіздікті, территориялық тұрақтылықты, және халықаралық келісімшарттарды бақылайды.

Саркози сыртқы саясатқа үлкен мән берді: таяушығыстық бейбіт процесс - «Үлкен сегіздіктің» жұмысына белсене араласады. Ол ФАРК қозғалысындағы колумбиилік жауынгерлердің 6 болгар медбикемен бірге тұтқынында қалған, Ливия абақтысында болған саясаткер Ингрид Бетанкурді босатуда үлкен рөл атқарды [9].

2007 жылдың 6 мамырында Жак Ширак өзінің президенттік өкілеттілігін тапсырып, Елисейлік сарайдан кетеді. Сол уақыттан бастап ол заң бойынша Францияның Конституциялық кеңесінің өмірлік мүшесі болады, 15 қарашадан бастап оның отырыстарына қатыса бастайды. 2011 жылы 15 желтоқсанда қызмет бабын асыра пайдаланғаны және шығын шығарғаны үшін 2 жылға шартты түрде сотталады.

Қысқаша айтқанда, Ширак белсенділік танытып, голлисттік партияларының біреуінің лидеріне айналды. Шарль де Голль және Жорж Помпиду сайлау науқаларында үлкен көмек көрсетті. Соңғысы Ширакқа «Бульдозер» лақабын тиімділігі мен адуынды мінезі үшін берген.

2 рет премьер-министр болған: 1974-1976 жж. және 1986-1988 жж. 1977 жылдан 1995 жылға дейін - Париж мэрі. Мэр болғанда айла-амап жасап (өз партиясына ақша жіберген) – сол үшін 11.12.2011 ж. 2 жылға шартпен сотталды.

Кесте 1. Франция президенттерінің қызметтік өкілеттілігі

Аты – жөні	Туған жылы	Президенттік жылдар	Партия
Ширак, Жак-Рене	1932	1995-2007	ОПР
Саркози, Николя	1955	2007 - 2012	Халық қозғалысы Одағы
Олланд, Франсуа	1954	2012 – 2017	ФСП
<a href="#">Эмманюэль-Жан-Мишель-Фредерик Макрон</a>	1977	2017- қазіргі уақытқа дейін	Алға, Республика!

2012 жылы екінші рет «Бесінші республика» кезінде Францияны солшылорталық

лагерінің социалисті Франсуа Олланд басқарды, оны 51,6% француз қолдаған еді. Олланд тұсындағы социалистердің курстарының әлеуметтік теңсіздіктерінің төмендеуінен басқа, Олланд Донбасстағы қақтығыстарды реттеу бойынша жүргізілген, ізінше «Минск келісімдері» атағын алған келіссөздердің қатысушыларының бірі болды.

15 мамыр 2012 жылы Елисейлік сарайда серт берді де Франция президенті қызметіне кірісті [10]. 16 мамырда Жан-Марка Эро Францияның жаңа премьер-министрін сайлады [11].

2017 жылы 14 мамырда сайлаушылардан рекордтық 66 % қолдау тапқан Францияның жаңадан сайланған президенті Эммануэль Макрон қызметіне кірісті. Ол француз үкіметінің социал-либералдарының бірінші өкілдігі болды. Макронның саяси бағдарламасы Францияның экономикасының келешектегі жаһандануына және еуропалық және еуропаатлантикалық ынтымақтастыққа есептелген.

Эммануэль Макрон – Франция Президентінің пікірі бойынша, ол қамтамасыз ету керек:

- төменгі жалақы алатын жұмысшылардың айлық табысын көтеру;
- міндетті медициналық сақтандыруға кіретін қызметтердің түрлерін көбейту;
- мұғалімдер мен полицейлер мамандығы санын көбейту;
- ауылшаруашылығы секторына инвестиция тарту;
- мемлекеттік қызметкерлерден зейнеткерлік жеңілдіктерді алып тастау;
- салық түсімін төмендету;
- Еуроодақтың талабына сай мемлекеттік бюджет тапшылығын азайту.

Макрон Эммануэль – Франция президенті – өзінің бірінші президенттік жұмыс күнін 2017 жылы 14 мамырда бастады [11]. Ол француз тарихындағы ең жас республика басшысы болды. Ол ресми түрде жұмысын бастау бойына Ұлыбританиямен, АҚШ – пен, Түркиямен, Германиямен, Канадамен телефон арқылы келіссөз жүргізді. Келесі күні Берлинге келіп, Ангела Меркельмен сөйлесті.

Екі күннен кейін Макрон іскерлік Еуроодақтың өкілі Дональд Тускпен іскерлік кездесу өткізді. Олар бірге Еуроаймақты бекіту туралы жариялады.

2017 жылғы 18 мамырда Эммануэль Макрон Ресей президенті В.Путинмен телефон арқылы келіссөз жүргізіп, Украинаның шығысындағы мәселелерді реттеуді талқылады.

Апта өткеннен кейін ол НАТО саммитіне қатысты, онда АҚШ президенті Дональд Трамппен және түрік мемлекетінің президенті Эрдоганмен кездесіп, саяси мәселелер жайлы ой бөлісті.

«Үлкен жиырмалық» саммитін өткізгеннен кейін Эммануэль Трамптың Париждік келіссөздерден шығу шешімін талқылады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Президент и правительство Франции/ <http://fb.ru/article>
2. Страна Франция: описание. История Франции кратко. Культура Франции: <http://fb.ru/article>
3. Президент и правительство Франции//<http://fb.ru/article>
4. Президент и премьер-министр: схемы взаимоотношений//<http://fb.ru/article>
6. Жак Ширак// <https://dic.academic.ru>
7. Президентство Жака Ширака (1995–2007 годы)// <http://www.hyno.ru>
8. Ниццадағы қасірет [Text] // Айқын. - 2016. - 19 шілде. - № 105.- 2 б..
9. Николя Саркози.Nicolas Sarkozy// <http://www.peoples.ru>
10. Николя Саркози: президент не без слабостей // <http://diletant.media/articles>
11. Франсуа Олланд вступил в должность президента Франции Русская служба Би-би-си (15 мая 2012) // <https://ru.wikipedia.org>
12. Блеклый, но опытный премьер Российская газета (16 мая 2012)//



<https://ru.wikipedia.org>

13. Президент Франции Эммануэль Макрон: биография, личная жизнь, карьера - FB.ru: <http://fb.ru/article>

ӘОЖ 321.7(574)

## КАНАДАНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУ

**Жазит Әйгерім Талғатқызы**

[zhazitaygrim@gmail.com](mailto:zhazitaygrim@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар  
факультеті, аймақтану кафедрасы студенті

Ғылыми жетекші – П.Қ.Қилыбаева

«Демократия» ұғымы әлемде екі жарым мың жылдан астам уақыт бойы өмір сүруде. Тарихи кезеңдердің әрқайсысында демократия ұғымына әр түрлі түсіндірмелер беріліп отырды. Саясаттағы көпқасырлық өзгерістердің енуі мен саяси жағдайдың қиындауына байланысты «демократия» ұғымы әртүрлі интерпретацияларға ие болды.

Демократияның классикалық ұғымы оның этимологиялық пайда болуымен тығыз байланысты. Бұл термин гректің екі сөзінен құралған, *demos* – халық, *kratos* – билік, күш деген мағына береді. Антикалық кезеңде пайда болған демократия «халық билігі» немесе «халықтың өзін-өзі билеуі» деген ұғымды білдіреді.

Демократияның алғашқы бегілері – құқықтардың жоғары қойылу идеясы, теңдік, еркіндік, әділдік пен республиканизм – антикалық полис кезеңінде пайда болды.

Қазіргі кезде демократия ұғымының актуалды түсіндірмесі ретінде АҚШ президенті Авраам Линкольннің интерпретациясы қолданылып жүр. Ол бойынша, демократия – халық билігі, халықтың таңдауы және халық үшін деген мағынаға ие болады. Бұл түсіндірмені қорытындыласақ, демократия дегеніміз – азамат тікелей немесе өзінің мүдделерін қорғаушы тұлға арқылы қоғамға немесе мемлекеттік шешімдерді қабылдауда өзінің ықпалын тигізе алатын мемлекеттік форма деп есептеуге болады.

«Демократия» ұғымына Бобковтың оқулығы [1] негізінде түсіндірме беретін болсақ:

1. Мемлекетті билеу формасы, қоғамның саяси жүйесі немесе мемлекетті реттеу түрі. Бұл жағдайда мемлекетті бір адам емес, мемлекетті билеу құқығына ие болған тең құқылы азаматтар билейді;

2. Кез келген ұжымды құрастырушы форма, ол мүшелерінің тең құқығына, жүйелі сайлау мен есеп берушілікке негізделген. Сөз партиялар, профсоюздар, өндіруші демократия туралы қозғалады;

3. Плюрализмге, адам құқығы мен заңдарын сайлауға, теңдікке, еркіндікке негізделген қоғамдық құрылыстың идеалы;

4. Демократиялық идеалды жүзеге асыру мақсатында жүргізілген саяси және қоғамдық қозғалыстар. [1]

Р.А. Хомолева демократияның келесі ерекшеліктерін атап өтеді:

1. Халық билігі;

2. Халықтың мүддесін қорғайтын билік;

3. Көпшілік мүддесін қолдайтын билік;

4. Барлығы теңқұқылы қоғамдық немесе мемлекеттік құрылыс;

5. Құқық, демократиялық нормалар мен заңдарының билігі. [2]

Демократиялық теорияларды зерттеуге Аристотель, Джон Локк, Шарль Луи де Монтескье, Дэвид Юм, Жан-Жак Руссо, Алексис де Токвиль, Джон Стюарт Милль, Джон Дьюи, Юрген Хабермас, Джон Ролз, Ханна Арендт, Исаяя Берлин өзінің үлестерін тигізді.